



201 8 жылғы 9 қараша
№ 11-8/1701 зп

Астана, Үкімет Үйі

от « » 201 года
№

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
депутаттарының түзетулеріне қорытынды**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлаймыз.


Депутаттардың түзетулері Конституцияның ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді, әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеліп соқтырмайды.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 46, 47, 52, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 76, 78, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 89, 90, 91, 92, 93, 99, 101, 102, 104, 105, 107, 115, 116, 117, 119, 120, 122, 123, 125, 126, 148, 149, 150, 151, 153, 154, 155, 156, 157, 159, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 168, 169, 170, 171, 173, 174, 175, 177, 178, 179, 180, 182, 183, 187, 188, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 227, 228, 231, 232, 233, 234, 236, 237, 242, 246, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 256-тармақтар бойынша Салыстырмалы кестенің түзетулері қолдау табады.

Орман кодексіне (бұдан әрі – ОК), Су кодексіне (бұдан әрі – СК), Экологиялық кодекске (бұдан әрі – ЭК), Бюджет кодексіне (бұдан әрі – БК), Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (бұдан әрі – ӘҚТК), Салық кодексіне (бұдан әрі – СК), Кәсіпкерлік кодекске (бұдан әрі – КК), «Қазақстан

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде бұлдың № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0010396 *



0010396 *

Республикасындағы кедендік реттеу туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Мақта саласын дамыту туралы», «Өзара сақтандыру туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Өсімдіктер карантині туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Геодезия және картография туралы», «Білім туралы», «Ветеринария туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы», «Ғылым туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Органикалық өнім өндіру туралы», «Кредиттік серіктестіктер туралы», «Астық туралы» заңдарға және заң жобасына енгізілетін аталған түзетулер мыналарды көздейді:

уәкілетті орган ведомствосына және оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман қорын қорғау, күзету, пайдалану, ормандардың өсімін молайту және ормандарды молықтыру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға қадағалау функциясын беру;

облыстардың жергілікті атқарушы органдарының су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөлу бойынша құзыретін алып тастау;

кеменің және оның технологиялық жабдығының жұмысын қамтамасыз ету үшін кемелердің, оның ішінде теңіз кемелерінің арнайы су пайдалануға рұқсат алу қажеттілігін алып тастау;

су пайдаланушылардың тежеуіш гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жерүсті ағыстарын реттеу тәртібін нақтылау;

тіреуіш гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелеріне және (немесе) пайдаланушыларына құрылысжайлардың қауіпсіздігін декларациялау бойынша міндеттерді беру;

мемлекеттік бақылау жасау желісінде жүзеге асырылатын метеорологиялық және гидрологиялық мониторингтерді және қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу;

республикалық бюджет шығыстарының бағытын «өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдаудан» «агроөнеркәсіп кешеніндегі сақтандыруды мемлекеттік қолдауға» өзгерту;

өзара сақтандыру қоғамдарының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның алдындағы міндеттемелері туралы норманы алып тастау;

кәсіпкерлік субъектілерінің бақылау жүзеге асырылатын қызмет салаларынан өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласын алып тастау;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдауды агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды мемлекеттік қолдауға дейін кеңейту, сондай-ақ сілтемелерді «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті

сақтандыру туралы» заңнан «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңға ауыстыру;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – ҚР АШМ) құзыретін агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласына қатысты мәселелермен толықтыру;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды алып тастау және «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заңның күші жойылған деп тану, сондай-ақ операторды агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы агенттің құқықтары мен міндеттері бойынша құқық қабылдаушы ретінде айқындау;

жергілікті атқарушы органдарының ветеринариялық қызметінің тікелей бағыныстылығын құру;

ҚР ӘҚБтК 299-бабын айыппұл көлемдерін анықтайтын үшінші және төртінші бөлімдермен толықтыру;

тіреуіш гидротехникалық құрылысжайлардың бөгеттер қауіпсіздігі декларациясынсыз пайдаланылуына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу;

су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органға бөгеттер қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша құзыреттерді беру;

жергілікті атқарушы органдардан ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функциясын қайтару;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қадағалауды жүзеге асыру;

тауарлардың орнын ауыстыру, сондай-ақ карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің әкелінуін және таралуын алдын алу мақсатында ветеринариялық бақылауды жүзеге асыру;

бәсекелестікке қарсы келісімдер жасаған кезде кәсіпкерлік қызметтің тең шарттарын қамтамасыз ету, бәсекелестікті қорғауға, Қазақстан Республикасының бәсекелестік саласындағы заңнамасының бұзушылықтарын анықтау;

тиісті мақсаттарды пайдаланылмайтын және заңнаманы бұза отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айқындау тәртібін енгізу;

өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органға карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің коллекцияларын сақтау және қорғау бойынша функцияларды беру;

өсімдіктер карантині бойынша уәкілетті органға мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру кезінде фото және видео фиксация үшін материалдық құралдарды, техникалық құралдарды қолдану тәртібін әзірлеу мен бекіту функциясын беру, сондай-ақ өсімдіктер карантині бойынша

мемлекеттік инспекторларды материалдық, фото және видео фиксаторлар үшін техникалық құралдармен жабдықтау;

«Астық туралы» ҚР Заңының 1-бабы 7-2) және 7-4) тармақшаларына сервистік қызметтің жаңа түрлерінің енгізілуіне байланысты редакцияны түзету бөлігіндегі түзетулер;

салалық (ведомстволық) кеңістіктік деректер негізінде инфрақұрылымды құру және дамыту;

әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекаралардың өзгерістері, сондай-ақ жергілікті жердің және географиялық объектілер атауларының өзгерістері көрсетілетін кезекшілік анықтамалық картасын жүргізуді алып тастау;

уәкілетті орган мен ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің ведомстволық бағынысты «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор» РМҚК арасындағы функцияларды шектеу;

«Өсімдіктерді қорғау туралы» ҚР Заңының ұғымдық аппаратын жетілдіру, ҚР жоғары ұлттық заңнамасының нормаларымен сәйкестікке келтіру, сондай-ақ уәкілетті органға фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту құзыретін беру;

Ұғымдық аппаратқа өзгерістер енгізілуге байланысты «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңның заңдық техника және редакциялық түзетулер бөлігіне түзетулер;

«Ветеринария туралы» ҚР Заңының компартамент, аймақтандыру бөлігіне түзетулер;

жануарлардың аса қауіпті аурулары, сондай-ақ таралуы эпизоотиялық ахуалдың нашарлауына әкелуі мүмкін, Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет айқындалған жануарлардың аса қауіпті аурулары туындаған кезде, жедел және уақытында әрекет ету мүмкіндігі;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық қадағалау мен бақылау объектілері иелерінің өз қаражаттары есебінен тиісті қаржылық жылға бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын көлемнен асатын тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде референция өткізу мүмкіндігі;

жергілікті атқарушы органға биоотын өндірісінің мониторингін жүргізу құзыретін бекітіп беру;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар әзірлеу және енгізу шығындарының құнын субсидиялауды енгізу;

мерзімді баспасөз басылымдарында гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсының нәтижелерін жариялау бойынша нормаларды алып тастау;

ауыл шаруашылығы мамандықтарына квота шегінде түскен ауыл жастары қатарынан азаматтардың міндетті жұмыспен өтеу бойынша нормамен толықтыру;

карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелу бөлігінде рұқсат құжаттарының атауын Кедендік одақ комиссиясының 2010 жылғы

18 маусымдағы № 318 шешімімен сәйкес келтіру;

уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелері бар ведомствосының және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молықтыру және пайдалану саласында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда құзыретін нақтылау;

табиғи су айдындарынан ауланған балық ресурстарын және басқа су жануарларды органикалық балық аулау өнімдеріне жатқызу;

аңшылық алқаптар және балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін электронды форматта бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу;

орталық кредиттік серіктестіктің қызметінің, функцияларының құқықтық негіздерін анықтау, сондай-ақ кредиттік серіктестіктер қатысушыларын жалпы жиналысын шақыру мерзімдері мен өткізу тәртібін нақтылау;

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы автомобиль өткізу пункттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау функциясын мемлекеттік кірістер органдарынан өсімдіктер карантині және ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына қайтару.

14, 50, 58, 59, 73, 74, 75, 77, 79, 88, 94, 95, 96, 97, 100, 106, 109, 112, 113, 114, 118, 121, 124, 158, 185, 216, 225, 229, 239, 241, 243, 255-позициялары бойынша түзетулер ішінара қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 14-тармағы бойынша

Су кодексінің 66-бабы 10-1-тармағына осы баптың 8-тармағы 5) тармақшасының редакциясына сәйкес келтіру бөлігіне түзетулер, сондай-ақ жерасты суларының баланстық қорлары болмаған жағдайда арнайы су пайдалану шарттарын келісу тәртібін регламенттейтін жаңа абзацпен толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«10-1. Бассейндік инспекциялар тәулігіне елу текше метрден бастап алу лимиттерімен жерасты суларын тартуға және (немесе) пайдалануға арналған арнайы су пайдалануға рұқсат беру үшін құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне осы су пайдалану шарттарын келісу үшін сұрау салу жібереді.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның өңірлік органдарына оң не теріс қорытынды беруге міндетті.

2018 жылғы 29 маусымға дейін бұрғыланған ұңғымалар бойынша жер асты суларының баланстық қорлары болмаған жағдайда келісім жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жер асты су қорларын бағалау және сараптау мақсатымен берілген рұқсаттың шеңберінде мониторингтік зерттеулер жүргізу шартымен үш жылға дейін мерзімге беріледі.

Салыстырмалы кестенің 50-тармағы бойынша

СК-нің 394-бабына мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын қосымша құн салығынан (бұдан әрі – ҚҚС) босату бөлігіндегі түзету, сондай-ақ ҚҚС-дан босатуды регламенттейтін жаңа абзацпен толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«40) мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарттардың негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын, сондай-ақ ғылым саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басым бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарттардың негізінде.»

Салыстырмалы кестенің 58-тармағы бойынша

Жалпы алғанда «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 43-бабы 2-тармағының 1) тармақшасының қатысушыларды қабылдауға/шығаруға байланысты кредиттік серіктестіктің жарғысына өзгерістер енгізу бойынша кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзыретін оның атқарушы органына беру мүмкіндігі бөлігіндегі түзету қолдау табады.

Өздеріңізге белгілі, кредиттік серіктестіктің құрамына (құрамынан) қатысушыны қабылдау/шығару туралы мәселені шешу үшін қазіргі қатысушыларды (бірнеше жүз) жинау талап етіледі, бұл еңбекті көп қажет ететін процесс болып табылады, осыған байланысты аталғанды кредиттік серіктестіктің атқарушы органының құзыретіне жатқызған жөн деп пайымдаймыз және осы норманы мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:

«2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзыретіне:

1) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту жатады.

Қатысушылардың қабылдауға және/немесе шығаруға байланысты кредиттік серіктестіктің жарғысын өзгерту, оны жаңа редакцияда бекіту Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңнамасына сәйкес кредиттік серіктестіктің атқарушы органына берілуі мүмкін.»;

Сонымен бірге, Азаматтық кодекске және «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Салыстырмалы кестенің 59-тармағы бойынша

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 46-бабының 1-1-тармағына түзетулер мынадай редакцияда қолдау табады:

«Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын жинау тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктері туралы заңнамада айқындалады.»

Салыстырмалы кестенің 73, 74 және 185-тармақтары бойынша

Жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық қызметінің тікелей бағыныстылығын құруға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына түзетулер жалпылама қолдау табады. Бұл ретте, ұсынылған түзетулердің редакциясын өзгерту және тиісінше мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«14-1) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларын орындау кезінде жәрдем көрсетеді;

14-2) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларын орындау кезінде жәрдем көрсетеді;

«10-1) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функциясын орындау кезінде жәрдем көрсетеді;

Салыстырмалы кестенің 75-тармағы бойынша

«Геодезия және картография туралы» Заңның 4-бабы 2-тармағының 18) тармақшасын Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және дамыту бөлігінде толықтыру қолдау табады.

Сонымен қатар, аталған Заңның 1-бабын «Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы» деген ұғыммен мынадай редакцияда толықтырған жөн деп санаймыз:

«14) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы –картографиялық негізде көрініс тапқан, олардың нысаны, орналасқан жері мен қасиеттері туралы мәліметтерден тұратын оның ішінде координаттарды пайдаланумен ұсынылған, кеңістіктік объектілері туралы деректер».

Салыстырмалы кестенің 77-тармағы бойынша

«Геодезия және картография туралы» Заңның 6-бабы 1-1) тармақшасының мемлекеттік геодезиялық желілер құру және дамыту бөлігіне түзету қолдау табады. Бұл ретте аталған норманы 1-2) тармақшада жазуды ұсынамыз, өйткені «Құқықтық актілер туралы» Заңның 27-бабы 6-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде мұндай элементтер алып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады.

Салыстырмалы кестенің 79-тармағы бойынша

«Геодезия және картография туралы» Заңның 6-бабын геодезия және картография саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді бекіту бойынша функциялармен уәкілетті органның құзыретін толықтыру бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады.

«6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

...

7) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерді қоспағанда, геодезия және картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту:

7-1) бюджет қаражаты есебінен орындалатын аэротүсірілім, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың сметалық нормаларын, бағаларын, құнын әзірлеу және бекіту;

7-2) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялауды жүргізуді техникалық қамтамасыз ету туралы қағиданы әзірлеу, бекіту;

7-3) бюджет қаражаты есебінен құрылатын картографиялық өнімді жаңарту мерзімділігін әзірлеу және бекіту;

7-4) бюджет қаражаты есебінен картографиялық өнім құру жөнінде нұсқаулықтар әзірлеу және бекіту;

7-5) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын жасау, жаңарту, пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормаларды, қағидаларды әзірлеу және бекіту;

7-6) геодезия және картография саласында марапаттау жүйесін әзірлеу және бекіту;».

Салыстырмалы кестенің 88-тармағы бойынша

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңның биологиялық препараттарды мемлекеттік тіркеу процесін регламенттеу бөлігінде түзетулер, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына жауап бермейтін пестицидтерге тіркеу куәлігін тоқтата тұруға немесе қайтарып алуға (айыруға) негіздерді түзету тұжырымды түрде қолдау табады, бұл ретте биологиялық препараттарды отандық өндірушілердің мүддесіне нұқсан келтіруді болдырмау мақсатында «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңның 14-6-бабының редакциясын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«14-6-бап. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу

1. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарының қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Мыналар:

1) тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу үшін мәлімделген пестицидтің химиялық құрамының, рецептурасының және өндіру (формуляция) технологиясының пестицидті мемлекеттік тіркеуге ұсынылған пестицидтің химиялық құрамына, рецептурасына және өндіру (формуляция) технологиясына сәйкес келмеуі;

2) пестицидтерге жататын өнертабыстарға патент иеленушілер құқықтарының бұзылуы;

3) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де дәлелдер пестицидті мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтерді өндіруге (формуляция), әкелуге, тасымалдауға, іске асыруға, сақтауға, қолдануға рұқсат етіледі және уәкілетті орган пестицидтер тізіміне енгізеді.

Уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес пестицидтерді екі жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеуге мыналар үшін жол береді:

1) қажетті мақсаттағы пестицид болмаған кезде таралуы өсімдіктер мен өсімдік шаруашылығы өніміне айтарлықтай зиян келтіруге, фитосанитариялық жағдайдың нашарлауына алып келуі мүмкін жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған карантинді объектілерге қарсы күрес үшін;

2) тәуекелділігі төмен биологиялық препараттар үшін. Тіркеуші (өтініш иесі) биологиялық препаратты мемлекеттік тіркеуге қажетті құжаттарды одан әрі ұсынып, биологиялық препаратты уақытша тіркеу кезеңінде тіркемелік (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтар жүргізілуі тиіс.

2. Пестицидке тіркелу куәлігінен айыру (қайтарып алу) мынадай жағдайларда:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган растаған адамның денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіп төндіретін пестицид туралы бұрын белгісіз ақпарат алынғанда;

2) пестицидтерді 2001 жылғы 22 мамырдағы органикалық ластағыштар туралы Стокгольм Конвенциясының А және В қосымшасының күші қолданылатын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған өсімдіктерді қорғау тізбесіне енгізген;

3) фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қорытындысы бойынша алынған нәтижелер негізінде қолданылатын тіркелген пестицидтің биологиялық тиімділігінің болмау фактісі расталған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтату мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүргізу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады, онда қолданылатын тіркелген пестицидтің химиялық құрамы мен әсер етуші затының мөлшері, пестицидті мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш берілген тіркеу дерекнамасындағы химиялық құрам мен әсер етуші затының мөлшеріне сәйкес келмеу фактісі анықталған.

Қолданылатын тіркелген пестицидтің химиялық құрамы мен әсер етуші затының мөлшері, пестицидті мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш берілген тіркеу дерекнамасындағы химиялық құрам мен әсер етуші затының мөлшеріне сәйкес келмеу фактісі анықталған кезде уәкілетті органның ведомствосы пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін он екі айға тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Тіркеу куәлігін қолдануды қайта қалпына келтіру Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми-зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының

(пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) негізінде тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары және (немесе) ғылыми-зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, сондай-ақ тіркелмеген пестицидтерді өндіруге (формуляция) арналған бастапқы компоненттерді өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынады. Тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары және (немесе) ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің санын уәкілетті орган айқындайды.

Пестицидтердің тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жоспарларында тіркелмеген пестицидтердің болмауы, ғылыми зерттеулерді жүргізуге шарттың болмауы тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми-зерттеулерді жүргізуге арналған пестицидтердің тіркелмеген үлгілерін әкелуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер уәжді бас тарту үшін негіз болып табылады.».

Салыстырмалы кестенің 94-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның 1-бабының ұғымдық аппаратын Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдарды нақтылау бойынша толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«3) кредиттік серіктестік қызметінің қағидалары және/немесе стандарты – орталық кредиттік серіктестік өзінің қатысушылары үшін шығаратын және бекітетін, орталық кредиттік серіктестікке қатысушылардың бірыңғай жұмыс қағидастарын, қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайтын құжат;

4) кредиттік серіктестіктердің тұрақтандыру қоры – орталық кредиттік серіктестікке қатысушы кредиттік серіктестіктерді қаржылық сауықтыруды қамтамасыз ету үшін орталық кредиттік серіктестіктің құрылымында құрылатын қор;

б) қосымша жарна – қатысушының кредиттік серіктестіктің мүлігіне беретін ақша сомасы;

7) міндетті салым – қатысушының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына енгізуге жататын ақшасы;

8) орталық кредиттік серіктестік – кредиттік серіктестіктер олардың кредиттерге және басқа қаржылық, оның ішінде банктік қызмет көрсетуге деген қызмет қажеттіліктерін олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;»;

Салыстырмалы кестенің 95-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның 8-бабын жалпы жиналысты шақыру тәртібі мен мерзіміне қатысты 1-1-тармақпен толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«1-1. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделеді.

Егер қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері жарғыда көзделмеген болса, кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жалпы жиналысты ашу күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей серіктестіктің жарғысында көрсетілген мерзімді баспа басылымында жариялануы немесе қатысушыларға SMS-хабарламасы арқылы жолдануы, немесе кредиттік серіктестіктің интернет-ресурсында жариялануы тиіс.».

Салыстырмалы кестенің 96-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның 9-бабын қатысушылардың жалпы жиналысын өткізуге қатысты 5-тармақпен толықтыру қолдау табады және көрсетілген баптың 1-тармағындағы жалпы жиналысқа қатысушылар санын өзгерту, онда қатысушылардың жалпы жиналысының отырысы өткен деп саналатын болады, сондай-ақ оларды тиісінше мынадай редакцияда жаза отырып, 6-тармақпен толықтыру ұсынылады:

«1. Жалпы жиналыс, егер оған кредиттік серіктестіктің барлық қатысушыларының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе жөніндегі шешім қатысушылардың айқын басым көпшілігімен немесе бірауыздан қабылдануға тиіс болатын жағдайда, егер оған барлық қатысушылардың кемінде үштен екісі қатысса, жиналыс шешім қабылдауға құқылы.»;

«6. Осы баптың ережелері орталық кредиттік серіктестіктің қызметіне қолданылады.».

Салыстырмалы кестенің 97-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның 10-бабы 2-тармағының б) тармақшасына кредиттік серіктестіктің басқармасына қосымша өкілеттіктер беру деген бөлігіне түзету енгізу қолдау табады, сондай-ақ мынадай редакцияда б-1) тармақшамен толықтыру ұсынылады:

«б-1) жаңа қатысушылардың қабылдануына орай жарғыны өзгертуге байланысты шешімдер қабылдау;».

Салыстырмалы кестенің 100-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның орталық кредиттік серіктестіктің мақсатын айқындау жөніндегі жаңа 23-бабы бойынша түзету бапта мынадай редакцияда қолдау табады:

«23-бап. Орталық кредиттік серіктестік

1. Кредиттік серіктестіктер өздерінің қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен орталық кредиттік серіктестік құра алады.

2. Осы заңның кредиттік серіктестіктердің қызметі, оларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, кредиттік серіктестіктің органдары, олардың отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, кредиттік серіктестіктер жасайтын операциялардың құпиясы туралы ережелері орталық кредиттік серіктестікке қолданылады.

Осы заңда кредиттік серіктестіктер үшін көзделген операциялардан басқа, орталық кредиттік серіктестік:

1) өзінің қатысушыларына құқықтық және/немесе өзге де консультациялық көмек көрсетуге;

2) кредиттік серіктестіктердің қызметіне қатысты мәселелер бойынша оқыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға, өткізуге, сондай-ақ көрсетілген мәселелер бойынша материалдарды жариялауға;

3) өзінің мүлігін пайдаланумен байланысты кірістер алуға;

4) жарғыға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

5) бар қорлардың қаражатын олардың нысаналы мақсатына сәйкес өз бетінше иелік етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, орталық кредиттік серіктестіктің жарғысында немесе өзге де ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша өзінің құрамынан қатысушыларды шығаруға;

7) өзінің қатысушылары үшін қағидалар және/немесе өзге де қызмет стандарттарын шығаруға;

8) орталық кредиттік серіктестікке қатысушылар болып табылатын кредиттік серіктестіктерден ақпарат алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

3. Орталық кредиттік серіктестіктің атауында «Орталық кредиттік серіктестік» деген сөздер болуы тиіс.

4. Орталық кредиттік серіктестіктің қаражаты осы заңда, орталық кредиттік серіктестіктің жарғысында белгіленген мақсаттар үшін, сондай-ақ өзінің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

5. Орталық кредиттік серіктестіктің бухгалтерлік есебі және бухгалтерлік (қаржылық) есептілігі жыл сайынғы міндетті аудиторлық тексеруге жатады.

6. Орталық кредиттік серіктестік өзінің интернет-ресурсында өзінің қызметі, оның қатысушылары, көрсетілетін қызметтері, көрсетілетін қызметтерінің құны, қорлардың мөлшері мен оларды қалыптастыру тәртібі туралы ақпаратты және өзгелерді орналастырады. Интернет-ресурста орналастырылған ақпарат қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерге, көрсетілетін қызметтердің құнына өзгерістер (толықтырулар) енгізу күні туралы мәліметтерді, ішкі құжат нөмірін және осы өзгерісті қабылдаған органды көрсете отырып, өзекті режимде қолдау көрсетіледі.».

Салыстырмалы кестенің 106-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу және шақыру тәртібі жөніндегі жаңа 27-1-бабына қатысты түзету қолдау табады, бұл ретте, көрсетілген баптың 2-тармағын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«2. Орталық кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын

өткізу және шақыру тәртібі осы Заңның 8-бабының 1-1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Орталық кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы жыл сайын, қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірмей өткізілуі тиіс.»;

Салыстырмалы кестенің 109-тармағы бойынша

«Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның жаңа 27-3-бабына атқарушы органның құзыреті деген бөлігіне түзету енгізу қолдау табады, бұл ретте, көрсетілген баптың 1-тармағының 2) тармақшасын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«2) кредиттік серіктестіктерден төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін тұрақтандыру қорының қаражатын бөлуге қатысты өтініштерін, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге қатысты жоспарларды қарастыру және тұрақтандыру қорының қаражатын бекітілген оларды пайдалану қағидаттарына сәйкес пайдалану жөніндегі шешімдер қабылдау;».

Салыстырмалы кестенің 112-тармағы бойынша

Жалпы алғанда «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдарды сақтандыру саласындағы ұғымдармен толықтыру бөлігіне түзетулер қолдау табады.

Сонымен бірге, сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға деректер беру қажеттілігіне және Заңның ұғымдық аппаратын сақтандыру терминдерімен толықтыруға байланысты 3-1) тармақшасын мынадай редакцияда жазуды орынды деп пайымдаймыз:

«3-1) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандырудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандырудың электрондық шарттарын жасасуды, тараптарды белгілі бір уақыт сәтіне сәйкестендіруді және агроөнеркәсіптік кешенде жасалған мемлекеттік қолдауы бар сақтандырудың электрондық шарттары мен олардың тараптары туралы дерекқорларды (мәліметтер жиынтығын) жүргізуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған жүйе;

Ақпараттық жүйе агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік қолдауы бар сақтандыру шарттары жөніндегі деректерді нақты уақыт режимінде сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға береді;»;

Бұдан басқа, аталған бапты мынадай мазмұндағы 22-7) және 22-8) тармақшалармен толықтыруды орынды деп санаймыз:

«22-7) электрондық алаң – платформасында агроөнеркәсіптік кешен субъектілері өздерінің ауыл шаруашылығы тәуекелдерін шығаратын және орналастыратын, ақпараттық жүйе базасында жұмыс істейтін ұйымдастырылған электрондық алаң;

22-8) сараптамалық кеңес – оператордың жанынан құрылатын, құрылуы мен қызметінің мақсаты сақтандыру өнімдерін әзірлеу, агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру кезінде басымдықтарды айқындау болып табылатын және сақтандыру ұйымдарының, тәуелсіз сарапшылардың, агроөнеркәсіптік

кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның және оператордың өкілдерінен тұратын орган;».

Сондай-ақ, нарықтық жағдайлардағы жаңа агросақтандыру жүйесін құруды ескере отырып, жылдық шығындылық эксцеденті институтын енгізу қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 113-тармағы бойынша

АӨК туралы Заңның 3-бабына мемлекеттік қолдау алуға үміткер АӨК субъектілерінің тәуекелдерін сақтандыру қажеттігі қағидатымен толықтыру бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«3. Өсімдік шаруашылығын кредит беру және субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірумен байланысты өз тәуекелдерін сақтандырған агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне беріледі.».

Салыстырмалы кестенің 114-тармағы бойынша

АӨК туралы Заңның 6-бабының 1-тармағына агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның құзыретін толықтыру бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«41-8) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайтын өлшемшарттаға сәйкес операторды айқындау;

41-9) сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

41-10) сақтандыру өнімдерін әзірлеу және бекіту тәртібін айқындау;».

Салыстырмалы кестенің 118-тармағы бойынша

АӨК туралы Заңның 7-бабының 2-тармағының 12-10) тармақшасына облыстардың, республикалық маңызды бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) құзыретін толықтыру бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау тапты:

«12-10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, күтіп-ұстау мен реконструкциялауды ұйымдастыру;».

Салыстырмалы кестенің 121-тармағы бойынша

Жалпы алғанда, АӨК туралы Заңға сақтандыруды дамытуды қолдау жөніндегі жаңа 10-1-баппен толықтыру бөлігіндегі түзету қолдау табады.

Сонымен бірге, субсидиялар алушыларды, оператордың функцияларын барынша нақты айқындау, ұғымдық аппаратты кеңейту, сақтандыру өнімдерін келісу қажеттігі, ақпараттық жүйе функционалын ашу үшін көрсетілген жаңа баптың 1, 2-тармақтарын, 3-тармақтың бірінші бөлігін, 4-тармақтың төртінші бөлігін, 5-тармақтың 2), 3) және 6) тармақшаларын, 6-тармақтың үшінші абзацын тиісінше мынадай редакцияда жазуды орынды деп пайымдаймыз:

1-тармақ:

«1. Сақтандыруды дамытуды мемлекеттік қолдау сақтандыру сыйақыларын субсидиялау жолымен жүзеге асырылады.»;

2-тармақ:

«2. Субсидиялауға сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі – сақтандырушылар):

1) оператор әзірлеген және/немесе онымен келісілген сақтандыру өнімдерінің шеңберінде;

2) ақпараттық жүйе немесе сақтандырушылардың ақпараттық жүйелері арқылы жасасқан агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары жатады.»;

3-тармақтың 1-бөлігі:

«3. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға сақтандыру сыйақыларын субсидиялау үшін және оператордың көрсетілетін қызметтерін төлеу үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын бюджет қаражаты бөлінеді.»;

4-тармақтың 4-бөлігі:

«Ұлттық банктегі ағымдағы шоттың шығыс бөлігі Ұлттық банктегі депозиттерде және мемлекеттік құнды қағаздарға орналастыру сомаларын, сақтандыру сыйақысының бір бөлігін өтеуге шығыстарды өзіне қосады.»;

5-тармақтың 2), 3) және 6) тармақшалары:

«2) субсидиялар түріндегі мемлекеттік қаражатты сақтандыру сыйақылары бойынша бөлу және жылдық шығындылық эксцедентін мемлекет үшін басым, сақтандыруға жататын дақылдар бойынша қаржыландыру процесіне әкімшілік ету;

3) субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдерін әзірлеу, оларға сараптама жүргізу және келісу. Сақтандыру өнімдерін оператор немесе оператордың қатысуымен және отандық және (немесе) халықаралық қайта сақтандырушылардың жәрдемдесуімен сақтандырушылар әзірлейді, кейіннен оларға сақтандыру тәуекелдері қайта сақтандыруға беріледі. Субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкпен келісіледі.»;

«6) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды дамытуға мүдделі тараптар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі сараптамалық кеңестің қызметін ұйымдастыру.»;

5-тармақтың 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын.

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпараттық жүйенің функционалы:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін сақтандыру өнімдері және агроөнеркәсіптік кешенде сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар бойынша толық ақпарат орналастырылатын бірыңғай ақпараттық ресурс беру;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің сақтандыру өнімін сатып алуға арналған өтінімдерді электрондық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып беруі;

3) егер, агроөнеркәсіптік кешенде ақпараттық жүйе иесі мен сақтандырушы арасында тиісті келісім жасалған болса, сақтандырушы мен сақтанушы арасында сақтандыру шарттарын жасасу;

4) сақтандыру сыйлықақысының субсидияланатын бөлігін төлеу үшін жасалған сақтандыру шарттары бойынша тізілім (деректер) қалыптастыру;

5) сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға нақты уақыт режимінде электрондық нысанда жасалған агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары жөніндегі тізілімді (деректерді) беру;

6) сақтандырушылардың агроөнеркәсіптік кешендегі жасалған сақтандыру шарттары шеңберінде сақтандыру сыйлықақылары бойынша субсидия алуға арналған өтінімдер беруі;

7) электрондық алаңда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің сақтандыруды қалайтын тәуекелдері туралы ақпаратты орналастыру;

8) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру мәселелері бойынша хабарламалармен және хаттармен алмасу.».

Салыстырмалы кестенің 124-тармағы бойынша

АӨК туралы Заңның 11-бабының 5-тармағына ҚҚС сомасын субсидиялау бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«5. Осы баптың 2-тармағының 8-7) тармақшасында көзделген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау тиісті тоқсан немесе жыл үшін келесі ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен кірісі өнім өткізуден түскен кірістің кемінде 90 пайызын құраған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға қаржы жылының әр тоқсанының қорытындылары бойынша немесе күнтізбелік жыл қорытындылары бойынша беріледі:».

Салыстырмалы кестенің 158-тармағы бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына Қазақстан Республикасы аумағында алғаш немесе жаңадан анықталған жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жедел сатып алу мүмкіндігі бөлігіндегі түзетулер қолдау табады. Бұл ретте, ұсынылып отырған редакцияны түзету және көрсетілген Заңның 39-бабы 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«4) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы, оның ішінде төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасы аумағында алғаш немесе жаңадан анықталған жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша саламатсыз пункттерде, карантиндік объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылысжайларындағы, мұнай құбыр жолдарындағы, газ құбыр жолдарындағы аварияларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы

бөлшектер мен материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді қажет ететін бұзылуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;».

Салыстырмалы кестенің 216-тармағы бойынша

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағына ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуге қатысты екінші бөлігімен толықтыру қолдау табады.

Бұл ретте, 1-тармақты мынадай редакциядағы үшінші жаңа абзацпен толықтыру ұсынылады:

«Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеудің қолданысы кезінде оларды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті ветеринариялық препараттар тіркеу сынақтарынан өткізілуі тиіс.».

Салыстырмалы кестенің 225-тармағы бойынша

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы 1-бабының жаңа 30) тармақшасына түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«30) мемлекеттік тапсырыс – гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне уәкілетті және (немесе) салалық уәкілетті органдардың тапсырысы;».

Салыстырмалы кестенің 229-тармағы бойынша

«Ғылым туралы» Заңның 27-бабын жаңа 11-тармақпен толықтыру келесі редакцияда қолдау табады:

«11. Қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тәртібі қоса қаржыландыруды тарту арқылы жеке серіктес тарапынан қоғамдық, гуманитарлы ғылымдар, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс ғылымын қамтамасыз ету салаларындағы қолданбалы зерттеулерден басқа, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ережесінде анықталады.».

Салыстырмалы кестенің 239-тармағы бойынша

Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы (бұдан әрі – Жануарлар дүниесі туралы Заң) 9-бабы 1-тармағын уәкілетті органға кәсіпшілік балық аулау үшін, балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізу үшін бұдан бұрын өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін аудару қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретті беру бөлігіндегі жаңа 77-10) тармақшамен толықтыру қолдау табады.

Сонымен қатар, Жануарлар дүниесі туралы Заңның 27-бабының 1-тармағын мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтыруды орынды деп санаймыз:

«7-1) кәсіпшілік балық аулау үшін, балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізу үшін бұдан бұрын өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін аударуға құқығы бар.».

Салыстырмалы кестенің 241-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңның 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілердің міндеттемелері бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер:

...

2) балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды уәкілетті органның ведомствосымен жасалған шарт негізінде балық шаруашылығы су айдындарына балық өсіру материалын жіберуді, уылдырық шашатын орындарды қалпына келтіруді және су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясын көздейтін іс-шараларды орындау жолымен, уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалатын мөлшерде өтеудің орнын толтыруға міндетті.

Бұл ретте, шаруашылық жүргізуші субъектілер балық ресурстары мен басқа да су жануарларына зиянды өтеу, оның ішінде өсімін молайту кешенінің инфрақұрылымын салу немесе балық ресурстарының өсімін молайту жөніндегі қолданыстағы кешендерді реконструкциялау, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, сондай-ақ өзендердің жайылмасы мен теңіз ортасында (рифтер) жасанды уылдырық шашу орындарын салу жөніндегі іс-шараларды таңдауға құқылы;».

Салыстырмалы кестенің 243-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңның 27-бабының 2-тармағын жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері бөлігіндегі жаңа 23) тармақшамен толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«24) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарына немесе учаскелеріне ғылыми ұйымның ұсынымдарына сәйкес жыл сайынғы бөлінетін квоталар көлемдеріне мөлшерлес және пропорционалды балық шабақтары көлемін жіберуді жүргізуге міндетті.».

Салыстырмалы кестенің 255-тармағы бойынша

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау функцияларын мемлекеттік кірістер органдарынан ветеринария және өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосына қайтаруға байланысты Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы Кодексінің 402-бабының 6 және 7-тармақтарына түзетулер енгізу келесі редакцияда қолдау табады:

«6. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарының орындалуын тексеру мақсатында жүзеге асырылады және

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағын Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғауға бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық санитариялық бақылауды және қадағалауды ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының ветеринариялық саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік кіріс органдарына іссапарға жіберілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары жүзеге асырады.

7. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнама талаптарының орындалуын тексеру мақсатында жүзеге асырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағын Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын басқа мемлекеттерден карантиндік объектілердің әкелінуі мен өздігінен енуден қорғауға бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік кіріс органдарына іссапарға жіберілген мемлекеттік өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлары жүзеге асырады.».

Салыстырмалы кестенің 7, 19, 20, 22, 29, 40, 44, 45, 127, 152, 226, 238, 240, 244, 245-позициялары бойынша түзетулер қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 7 және 152-тармақтары бойынша

БК 54-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда инфрақұрылымды дамыту объектілерін (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) салуды жүзеге асыруға арналған, олардың жұмыс істеуіне байланысты облыстық бюджеттің шығыстарына қатысты толықтыру енгізу бөлігінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Заңның қабылдауына байланысты Салыстырмалы кестенің 7 және 152-тармақтарымен көзделген түзетулер қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 19, 20 және 22-тармақтары бойынша

БК-ның 53, 54 және 55-баптарына ЖАО-ға ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін субсидиялау бойынша құзыреттің берілуіне қатысты түзетулер қолдау таппайды, өйткені халықаралық стандарттар қағидаттарына негізделген, енгізілген ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін

басқару жүйелері бойынша орталықтандырылған тұрақты мониторинг жүргізуге мүмкіндік жоқ. Халықаралық стандарттарды енгізу ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Салыстырмалы кестенің 29-тармағы бойынша

ӘҚБК 724-бабының бірінші бөлігіне өзара сақтандыру қоғамдары жасаған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құзыретін толықтыру бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, өйткені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық Банкінің тарапынан өзара сақтандыру қоғамдарының қызметін бақылау мен қадағалау сақтандыру көлемдері туралы статистикалық ақпарат алумен шектеледі, ал инвестициялау және сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптар ұсынымдық сипатқа ие, тиісінше Ұлттық Банкіде өзара сақтандыру қоғамдарының қызметін толыққанды бақылау мен қадағалау жөніндегі өкілеттіктер жоқ.

Салыстырмалы кестенің 40-тармағы бойынша

Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабына жеткіліксіз дамыған бәсекелестікке ие тауарлық нарықтардағы кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысу мүмкіндігін беру тұрғысынан түзету енгізу қолдау таппайды, себебі, «жеткіліксіз дамыған бәсекелестік» критерийі толық мағына бермейді, монополияға қарсы органның қандай көрсеткіштердің негізінде (сандық, сапалық немесе басқа да) мемлекеттің қатысуымен субъекті ашуға келісім беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайтыны айқын емес.

Онымен қоса, мұндай әдіс экономиканың бизнес ұсынылған салаларында мемлекеттің қатыспауы ескерілетін «Yellow Pages» принциптерімен келісілмейді.

Салыстырмалы кестенің 44-тармағы бойынша

КК-ге «әрбір нақты» сөзін «әрбір шынайы нақты» сөзіне ауыстыру бойынша өзгерістер енгізу қолдау таппайды, себебі нақты мәліметтер бұл тексерілген, шынайы, тиісті ғылыми деңгейде толық белгіленген білім, ол нақтылауды қажет етпейді.

Салыстырмалы кестенің 45-тармағы бойынша

КК-ге тексеру жүргізу кезінде монополияға қарсы органның қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін регламенттеу бойынша өзгерістер енгізу қолдау таппайды, себебі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Заңмен уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу уақытын жергілікті уақыт бойынша 09.00-ден 18.00-ге дейін айқындау бөлігінде тиісті өзгерістер енгізілген.

Салыстырмалы кестенің 48, 49, 51, 53, 54, 55, 56, 57, 98, 103, 108, 110, 111, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 160-позициялары бойынша түзетулер қолдау таппайды.

Кредиттік серіктестіктердің қызметін жетілдіруге қатысты түзетулер мыналарға байланысты қолдау таппайды:

- кредиттік серіктестіктер (орталық кредиттік серіктестік) ұлттық басқарушы холдингінің қатысуынсыз болады және жұмыс істейді;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық кредиттік серіктестікке депозиттер қабылдау бойынша құқық беру және орталық кредиттік серіктестікті депозиттерді кепілдендіру жүйесіне енгізу бөлігіндегі түзетулерді қолдамайды.

Кредиттік серіктестіктер секторының айқын болмауы олардың қызмет тиімділігін және олардың бөлінетін қаражатты жұмсауын бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан орталық кредиттік серіктестікке депозиттер қабылдау және кредиттік серіктестіктердің қызметін депозиттер қаражатының есебінен қаржыландыру құқығын беру орталық кредиттік серіктестік және депозиттерді кепілдендіру жүйесі үшін мәнді тәуекелдерге әкеледі. Депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қаражатын екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған, тиісінше осы жүйеде қалыптастырылған резервтер тек жеке тұлғалардың банктік салымдарымен байланысты тәуекелдерді қамтуға бағытталған;

- кредиттік серіктестіктердің және орталық кредиттік серіктестіктің қызметін реттеу талап етілмейді;

- тұрақтандыру қорының қаражатын өндіріп алу мүмкіндігін алып тастау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келеді.

Орталық кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясын қорғаумен, дауыс беру кезінде орталық кредиттік серіктестік қворумының болуымен байланысты мәселелерді реттеу мақсатында салыстырмалы кестенің 108-тармағында көрсетілген түзету қолдау таппайды. Сонымен бірге, бұл ретте, «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңның 21-бабын мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтыру орынды деп санаймыз:

«8. Осы баптың ережелері орталық кредиттік серіктестіктің қызметіне таралады.»;

Салыстырмалы кестенің 127-тармағы бойынша

«Өзара сақтандыру туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағына өзара сақтандыру қоғамдары жүзеге асыратын қызмет түрлерін агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру агенті болу мүмкіндігімен толықтыру бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, өйткені «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, құнды қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Заңмен сақтандыру агенттерінің қызметіндегі шектеулер көзделген, бұдан басқа, сақтандыру агентінің рөлі өзінің қатысушыларын сақтандырумен өздері айналысуға тиісті өзара сақтандыру қоғамдарының мәніне қайшы келеді.

Сонымен бірге, өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүлдіктік мүдделерін өзара сақтандыру мақсатында құрылған және өзара сақтандыру қоғамдарын мемлекеттік қолдаумен агросақтандыру жүйесінен алып тастау өзара сақтандыру қоғамдарына қатысушыларды өзара сақтандыру бойынша

олардың негізгі жұмысына тыйым салуды білдірмейді.

Салыстырмалы кестенің 226-тармағы бойынша

«Ғылым туралы» Заңның 25-бабының 2-тармағына әкімшілік персоналдың іссапар шығындарын базалық қаржыландыру нормалары бойынша шығыстарды қосу бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, өйткені базалық қаржыландыру ағымдағы ғылыми инфрақұрылымды және мүліктерді, әкімшілік және қызмет көрсетуші персонал еңбекақыларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғылыми зерттеу жүргізуге жағдай жасау мақсатымен ғылыми ұйымдарда ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық сүйемелдеуге бағытталады.

Салыстырмалы кестенің 238-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңның 9-бабының 1-тармағы 62) тармақшасына түзету енгізу, уәкілетті органның құзыретінен жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланудың және (немесе) оған тыйым салудың белгіленген мерзімін ауыстыруды алып тастау бөлігінде түзету қолдау таппайды, балық аулауға тыйым салу және шектеулерді енгізу мерзімін ауыстыруды мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен және ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздемелер негізінде уәкілетті орган жүзеге асыру қажет.

Салыстырмалы кестенің 240-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңға шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілерді жобалау-сметалық құжаттаманы жобалау кезінде республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жабайы жануарлардың көшпелі жерлерінде жер үстіндегі құрылыстарды (экодук) қарастыру нормасын міндеттеу бөлігіндегі түзетуі қолдау таппады.

Қолданыстағы редакция Жануарлар дүниесі туралы Заңның 17-бабы шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілерге міндеттемелерді көздейді, авто және темір жол магистральдары арқылы жануарлардың қоныс аударуы бойынша іс-шаралар қарастыруға және жүзеге асыруға тиіс.

Салыстырмалы кестенің 244 және 245-тармақтары бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңға жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимитін қысқарту, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауға тыйым салу мерзімін ауыстыруды алып тастау бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды, өйткені лимиттерді қысқартуға биомасса ретіндегі гидробионттардың жай-күйі, кәсіпшілік қордың құрылымы сияқты өмірлік маңызы бар сипаттамалар өлшемшарттар болатын, биологиялық қауіпсіз мәндер шегінде жол беріледі. Балық аулауға тыйым салу және шектеулерді енгізу мерзімін ауыстыруды мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен және ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздемелер негізінде уәкілетті орган жүзеге асыру қажет.

Салыстырмалы кестенің 8-тармағы бойынша.

ОК-ның 19-бабы 3-тармағына бақылау мен қадағалау функциялары

бөлігінде енгізілетін түзетулерді мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:

«3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексерулер және байқаулар арқылы жүзеге асырылады.

Тексеру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.»

Бұдан басқа, Орман кодексін мынадай мазмұндағы 19-1 және 19-2- баптармен толықтыруды ұсынамыз.

«19-1-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіруді саласындағы мемлекеттік орман иеленушілер мен орман пайдаланушыларға бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу тәртібі.

1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіруді қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың қызметі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерге жатады.

2. Уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы жұмыстарды тексеруді, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы рұқсатсыз алынған өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілеріне бақылау жүргізеді.

3. Жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы заңнама талаптарының бұзушылықтарына қарай орман қорының жай-күйіне, күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның бекіткен нысандарға сәйкес актілер жасайды.

4. Кәсіпкерлік кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылық болмаған жағдайда, тексерулер жүргізілген кезде тексерулер нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жазылады.

5. Уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында:

заңсыз кесу фактісі;

ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау;

орман питомниктері мен плантацияларындағы орман екпелерін, егілген және отырғызылған көшеттерді, өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді, ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған алаңдарда қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау;

ағаштар мен бұталарды отқа немесе өзге де қатерлі қауіп көздеріне абай болмау салдарынан жою немесе зақымдау бойынша бұзушылықтар;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда:

мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектісін қасақана жою немесе зақымдау бойынша бұзушылықтар айқындалған жағдайда, материалдарды дереу құқық қорғау органдарына тапсырады.

6. Тексеру кезеңі – кешенді – жылына бір рет, тақырыптық – жылына төрт рет (көктемгі және күзгі шолып тексеру, өрт маусымына дайындығын тексеру, орман екпелері жұмыстары).

Мемлекеттік орман иеленушілерін немесе орман пайдаланушыларды тексеру мерзімі он жұмыс күнінен артық болмайды және тексеруді бес жұмыс күніне дейін ұзартуға болады. Тексеру мерзімін ұзартуға мыналар негіз болып табылады:

1) табиғи-климаттық факторлар (орман өрттері, өзендердің тасуы, қар көшкіні, тастардың құлауы, сел, қар басу, дауыл, жауын және т.б.);

2) жаңадан анықталған мән-жайлар (заңсыз кесілген ағаш көлемінің табылуы, орманды молықтыру учаскелерінің зақымдалған аумағының анықталуы).

7. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша, прокуратура органдарының мен өзге де құқық қорғау органдарының қатынастарымен, мемлекеттік органдардың сұрауларымен, сондай-ақ ірі орман өрттері туындаған және ірі көлемдегі ағаш кесу фактілері анықталған жағдайда мемлекеттік орман иеленушілер мен орман пайдаланушыларды жоспардан тыс тексерулер тағайындалады.

Мемлекеттік орман иеленушілерді немесе орман пайдаланушыларды жоспардан тыс тексеру мерзімі бес жұмыс күнінен артық болмайды және тексеруді үш жұмыс күніне дейін ұзартуға болады.

8. Мемлекеттік орман иеленушілерін тексерулер көлемі бойынша:

1) кешенді;

2) тақырыптық деп бөлінеді.

Кешенді тексеру орман заңнамаларының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің заңсыз алынуына бақылау жасау бөлігіндегі талаптарды сақтаудың кешенді мәселелері бойынша мемлекеттік орман иеленушінің немесе орман пайдаланушының қызметін тексеру болып табылады.

Тақырыптық тексеру орман заңнамаларының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігіндегі талаптарды сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша мемлекеттік орман иеленушінің немесе орман пайдаланушының қызметін тексеру болып табылады.

9. Тексеруді тағайындауға уәкілетті орган ведомствосы бірінші басшысының немесе оның аумақтық бөлімшесінің бірінші басшысының

бұйрығы негіз болады. Тиісті бұйрықтың шығарылуына мыналар негіз болады:

- 1) мемлекеттік орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың қызметіне жүргізілген мониторинг пен талдау;
- 2) жылдық тексерулер кестесі;
- 3) алдыңғы тексерулер бойынша мониторинг қорытындылары.

10. Тексеруге келген уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары субъектіге:

- 1) тексеруді тағайындау туралы бұйрықты;
- 2) қызметтік куәлікті;
- 3) қажет болған жағдайда режимдік объектілерге кіру үшін құзыретті органның рұқсатын көрсетуге міндетті.

Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы бұйрықты табыс еткен күн тексерудің басы болып саналады.

11. Тексерілетін субъект тексеру қорытындыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

12. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасы орман заңнамасының анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша материалдардың орындалуы және әр түрлі инстанциялардан өтуіне шешімдердің орындалу және шағымдану қолданыстағы мерзімдерін ескере отырып, мониторингті жүзеге асырады.

13. Бұзушылықтарды есепке алу, олардың саны, түрлері мен орындары бойынша динамикасын талдау мақсатында аумақтық бөлімшелер Қазақстан Республикасы орман заңнамасының бұзушылықтарын, алып қойылған табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстарына тіркеу журналын жүргізеді.

14. Егер бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұза отырып жүргізсе, олар жарамсыз деп танылады.

Бақылау және қадағалау субъектісінің тексеру нәтижелерінің жарамсыздығына байланысты актінің күшін жою туралы және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелерінің жарамсыздығына байланысты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы өтінішін жоғары тұрған мемлекеттік органның қарауы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелерін тануы олардың күшін жоюы үшін негіз болып табылады.

Жарамсыз деп танылған тексеру актісі және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама, бақылау және қадағалау субъектілерінің талаптарды бұзуының дәлелдемесі болып табылмайды.

Тексерулердің өрескел бұзушылықтарына:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулер жүргізу негіздерінің болмауы;

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы бұйрықтың болмауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні ұсынбау;

4) мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулерді бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тағайындауы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу мерзімдерін бұзу жатады.

15. Уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде:

1) егер олар тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, құжаттар, ақпарат ұсынуды талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеруді бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бақылау мен қадағалауды жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;

3) тексеруді бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асыруға;

4) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сол бір кезең ішінде сол бір мәселе бойынша оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге де мемлекеттік орган өзіне қатысты бұрын тексеру жүргізген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге;

5) тексерілетін субъектілердің есебінен шығынды сипаттағы іс-шараларды жүргізуге құқылы емес.

19-2 бап. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жедел ден қою шаралары

1. Қоғамдық қауіпті салдарлардың туындауын болғызбау мақсатында тексерілетін субъектілерге тексеруді жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша қолданылатын ықпал ету тәсілдері жедел ден қою шаралары болып табылады.

2. Уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары, егер мемлекеттік орман иеленушілердің және (немесе) орман пайдаланушылардың қызметі ормандардың биологиялық әр алуандығына, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілеріне, мәдени және табиғи мұраға тікелей қауіп төнген жағдайда жедел ден қою шараларын

қолдана алады.

3. Жедел ден қою шараларына:

1) орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлігінде заңсыз алып қойылған өсімдіктер мен жануарлар дүниесі саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстау және оларды құқық қорғау органдарына жеткізу;

2) жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың заңсыз қолға түсірілген орман ресурстары мен жануарлар дүниесі ресурстарын, оларды қолға түсіру құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын алып қою;

3) мемлекеттік орман иеленушілердің немесе орман пайдаланушылардың қызметін ағаш кесу немесе орман билеттерінің қолданылу мерзімі бойына үш күннен аспайтын мерзімге тотата тұру жолымен тоқтата тұру;

4) орман пайдалану түрлеріне шектеу;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сот шешімі негізінде орман пайдалану құқығын тоқтату жатады.».

Ұсынылып отырған түзетулерде кәсіпкерліктің субъектілеріне қатысты талаптардың қатаңдату белгілері бар екендігін ескере отырып, сондай-ақ КК-ның 82-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарын назарға ала отырып, реттеушілік әсерді талдауды жүргізу, және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселесі бойынша Ведомствоаралық комиссияда (бұдан әрі – ВАК) оның нәтижелерін қарау қажет.

Салыстырмалы кестенің 247-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы Заңның 49-бабына жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«49-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган, ведомство және оның аумақтық бөлімшелері өз қызметі бойынша түрлі ақпарат көздерінен

алынған мәліметтерді салыстыру жолымен жүргізеді.

5. Аңшылық, балық шаруашылықтары субъектілері бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

6. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау мен қадағалау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

7. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау бақылау мен қадағалау субъектілері ұсынатын есепті, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау жолымен жүргізіледі.

8. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау мен қадағалау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

9. Ұсыным бақылау мен қадағалау субъектісіне жеке өзі қол қою немесе жөнелтілуі мен алынуы фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуі тиіс.

10. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, ведомство немесе оның аумақтық бөлімшесі сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау мен қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

11. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс.

12. Бақылау мен қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға, ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

13. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып

профилактикалық бақылаудың тағайындалуына алып келеді.

14. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.».

Ұсынылып отырған түзетулерде кәсіпкерліктің субъектілеріне қатысты талаптардың қатандату белгілері бар екендігін ескере отырып, сондай-ақ КК-ның 82-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарын назарға ала отырып, реттеушілік әсерді талдауды жүргізу және ВАК-та оның нәтижелерін қарау қажет.

Осыған байланысты, сарылыстырмалы кестенің аталған тармағы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінің позициясы сәйкес жұмыстар жүргізу қорытындысы бойынша қосымша ұсынылатын болады.

Салыстырмалы кестенің 34, 35, 36-тармақтары бойынша

КК-ге аумаққа, өсімдіктерден және (немесе) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын ұйымдарда мемлекеттік бақылау және қадағалауды жүзеге асыра отырып, жануарлар ауруларының пайда болу және таралу себебін және жағдайын, олардың улануын анықтау бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісінің жай-күйіне зерттеп-қарау жүргізумен байланысты түзетулердің кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты талаптарды күшейту белгісі бар, сондай-ақ КК-ның 82-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарын назарға алсақ, реттеушілік әсерге талдау жүргізу және ВАК-та оның нәтижесін қарау талап етіледі.

Ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың және олардың бөлімшелерінің функцияларын орындауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жөніндегі депутаттардың түзетулеріне қатысты келесіні хабарлаймыз, осы түзетулерді қабылдау аталған бақылауды жүргізудің мақсаттылығы мен қажеттілігі тұрғысынан жан-жақты және терең талдауды жүргізуді талап етеді.

Осыған байланысты, салыстырмалы кестенің осы тармақтары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің позициясы жоғарыда жазылған жұмыстарды жүргізу қорытындысы бойынша қосымша ұсынылатын болады.

Салыстырмалы кестенің 167, 172, 176, 181, 184, 186, 235-тармақтары бойынша

«Ветеринария туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарға КК 82-бабының 1 және 3-тармақтарына, сондай-ақ «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңның 16-бабының 2-тармағына сәйкес ветеринариялық анықтама беру үшін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындайтын өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринар дәрігерлерін аттестаттау бөлігіндегі түзетулер реттеушілік әсерге талдау жүргізуді, оның нәтижелерін ВАК-тың қарауын талап етеді.

Осыған байланысты, салыстырмалы кестенің осы тармақтары бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің позициясы қосымша ұсынылатын болады.

Салыстырмалы кестенің 189, 190, 191, 230-тармақтары бойынша

«Ветеринария туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарға қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жөніндегі функцияны бәсекелес ортаға беру бөлігіндегі түзетулер нарықтың дайындығына талдау жүргізуді қажет етеді.

Осыған байланысты, салыстырмалы кестенің осы тармақтары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің позициясы қосымша ұсынылатын болады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Парламентте одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

 **Б. Сағынтаев**